

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы 24 ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
орынбасары  
Е.Л. Тоғжановқа**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Еңбек" Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірледі және енгізді.

«Еңбек» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі - "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") және "Жас маман" жобаларының аясында қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен, еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлаумен қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда аталған жобаларды іске асыруға жауапты болып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітілген.

Жобаны іске асыру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Жас Маман» мемлекеттік жобасының мақсаты - 100 сұранысқа ие мамандық бойынша 180 колледж бен 20 жоғары оқу орнын жаңарту. Жаңартуға қомақты қаражат бөлінетінін ескере отырып, жобаға қатысушы колледждер студенттер үшін бәсекелестікте басымдыққа ие болады.

Алайда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 457 бұйрығымен өзгерістер енгізілді, атап айтқанда, сенімгерлік басқаруға берілген немесе берілетін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарының "Жас маман" жобасына іріктелуі мен қатысуы алынып тасталды.

Осы мәселеге қатысты Қазақстан халық партиясына Түркістан облысының сенімгерлік басқаруға берілген колледждерінің ұжымдарының атынан хат келіп

түсті. Осыған байланысты неге осындай шешім қабылданды және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғарыда аталған мәселе бойынша қандай шаралар қабылдап жатыр деген сұрақ туындайды.

Неліктен бұл колледждер мемлекеттік құрылымдар басқаратын басқа кәсіптік білім беру ұйымдарымен тең дәрежеде қолдау алмауы керек, олардың меншік формалары бірдей - мемлекеттік және өз кәсіпорындары үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл елдің өндірісі үшін мамандар даярлайды.

Қазақстан халық партиясының басты мақсаты - кәсіптік білімнің әрбір қазақстандыққа қол жетімді болуы. Білім біз үшін әрқашан құнды болып қалады және біздің жастарымызға үлкен мүмкіндіктер мен белестер ашады. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне байланысты. Отаншыл жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы жоғарыда баяндалғанның негізінде, Сізден осы депутаттық сауалды қарап, Үкіметтің осы проблемаларға қатысты ұстанымын көрсетсеңіз.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жазбаша түрде жолдауыңызды сұраймын.

**Құрметпен,**

**Қазақстан Халық партия фракциясы:**

**Ф. К. Каменов**

**Ж.А. Ахметбеков**

**З.Ғ. Құлахметов**

**А. О. Қоңыров**

**А.А. Милютин**

**А.М. Паяев**

**С.Н. Решетников**

**А.А. Сқақова**

**Е.В. Смайлов**

**И.В. Смирнова**